

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беру
арқылы 2026 жылғы 20 тамыз өткізілетін кезектен тыс жалпы
жиналысында қарастыру үшін акционерлерге ақпарат**

**Күн тәртібіндегі № 1 мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту
туралы»**

Құрметті акционерлер!

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35, 36, 43 және 49-баптарына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібін («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2026 жылғы 16 шілдедегі № 37 хаттамасындағы екінші мәселе бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі) бекіту ұсынылады:

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

Күн тәртібіндегі № 2 мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

Құрметті акционерлер!

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23, 35, 36, 44 және 49-баптарына, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 22, 24 және 25-баптарына сәйкес, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына күн тәртібі мәселесі бойынша мынадай ұсыныстарды шығарады:

өткен жылдардың бөлінбеген таза табысынан «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның (ISIN KZ000A0LE0S4) жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу:

атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауданы, Өл-Фараби даңғ., 40-үй;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік және өзге де деректемелері: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; БСК – NBRKKZKX, корреспонденттік шот – KZ87125KZT1001300313, БСН – 940140000385, БЕК – 14;

дивидендтер төленетін кезең: 2025 жыл;

бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері: 28,09 теңге;

дивидендтерді төлеудің басталу күні: 2026 жылғы 7 қыркүйек;

дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны:

дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні 2026 жылғы 26 тамыз (Алматы қаласының уақыты бойынша) күнінің басындағы жағдай бойынша (00 сағат 00 минут);

дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.